

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Мемлекеттердің құқықтық  
мирасқорлығы. 1-бөлім





Саяси құрылымдар мәңгілік емес. Өзгеріп тұрады. Жаңа мемлекеттер пайда болып, бұрынғы мемлекеттер жойылады. Мемлекеттер федерация құрып, бірігіп, ыдырайды немесе мұраға қалып жатады. Халықаралық құқық мұндай оқиғалар мен тұрақсыздықтар нәтижесіндегі бұзушылықтарды мейлінше болдырмас үшін оларды реттеп отырады. Осындай өзгерістер нәтижесінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 100-ден аса жаңа тәуелсіз мемлекет құрылды.

Жалпы, жекелеген территорияға саяси егемендік жойылған кезде халықаралық құқық үшін де, әлемдік қауымдастық үшін де күрделі сұрақтар туындайды. Мысалы, жаңадан пайда болған мемлекетке оның алдындағы мемлекет қол қойған халықаралық шарттар мен келісімшарттар қаншалықты әсер етеді? Тұрғындарының азаматтығы автоматты түрде ауыса ма? Алдыңғы мемлекеттің мемлекеттік меншігі не болады? Жаңадан құрылған орган бұрынғы органның қарызын өтей ме? Дәрісіміздің барысында осы сұрақтарға мейлінше жауап беріп көрейік.

Мемлекеттің мирасқорлығы мәселесі бірнеше жағдайда пайда болады. Бұл жағдайлар сол мемлекеттің саяси егемендік алу жолының бейнесі болып есептеледі. Мысалы, территориялық бірліктің толық немесе белгілі бір бөлігінің отарсыздануы (яғни деколонизация), сецессия (бөліну) аннексия немесе бірігуі арқылы. Соңғы сөйлемдегі сецессия ұғымының не екені сіздерге түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан аз-кем анықтама бере кетейік. Сецессия деп, әдетте мемлекет (федеративті мемлекет) құрамынан оның қандай да бір бөлігінің (мысалы, федерация субъектісінің) шығуын айтамыз. Бұл жағдайлардың әрқайсысында бұрынғы мемлекет толық немесе ішінара жойылып, оның орнына басқа мемлекет немесе мемлекеттер келіп, тиісінше құқықтар мен міндеттерді иемдену мәселесі туындайды. Дегенмен мемлекеттің мирасқорлығы мәселесінің мемлекеттің халықаралық құқықтағы қарапайым құқықтары мен міндеттеріне қатысты жоқ. Мемлекеттің мирасқорлығы мәселесін үкіметтің мирасқорлығынан, атап айтқанда, төңкерістен кейінгі мирасқорлықтан ажырата білген жөн. Дегенмен мемлекеттің мирасқорлығы – халықаралық құқықтағы өте күрделі мәселе. Бұл саладағы нормалар, негізінен, нақты саяси өзгерістерге қатысты жасалған. Ондай саяси өзгерістер халықаралық қауымдастық та қайталана бермейді. Мысалы, Югославия конференциясында құрылған арбитраждық комиссияның айтуынша: «Халықаралық құқықта мемлекеттің мирасқорлығына қатысты қағидаттар толық қалыптасқан. 1978 жылғы және 1983 жылғы Вена конвенцияларындағы қағидаттар әрбір нақты істе өз деңгейінде қолданылуы керек». Ал Германияның Федералдық Жоғарғы соты Espionage Prosecution ісінде «Мемлекеттің мирасқорлығы қазіргі халықаралық құқықта ең даулы мәселелердің бірі болып отыр» деген. М. Шоудың айтуынша, мирасқорлық халықаралық деңгейде халықаралық әдет-ғұрып құқығымен реттеледі. Бұл орайда негізгі екі конвенция бар: Біріншісі – 1978 жылғы Мемлекеттердің шарттарына қатысты мирасқорлық туралы Вена конвенциясы, ол 1996 жылы күшіне енген; Екіншісі – 1983 жылғы Мемлекеттердің мүлкіне, мұрағатына, қарызына қатысты мирасқорлық туралы Вена конвенциясы. Ол әлі күшіне енбеген. Дегенмен осы екі конвенцияның нормаларының көпшілігі қазіргі халықаралық құқық нормаларында көрініс тауып отыр.

Мемлекеттің мирасқорлығына қысқаша түрде мынадай анықтама беруге болады. Мемлекет мирасқорлығы дегеніміз – бір мемлекетке екінші мемлекеттің территориялық тұрғыдан халықаралық қатынастардағы жауапкершілігін жүктеуі. Алайда мемлекеттілік мирасқорлықты мойындау немесе мойындамау мәселесінде үздіксіз жалғаса беретін болғандықтан, бұл анықтамада дәл келмейді. Көп нәрсе нақты жағдайға байланысты. Мысалы, екі мемлекет бір мемлекет құру үшін бірігеді; керісінше, бір мемлекет екінші мемлекетті өзіне қосып алады; бір мемлекет екінші мемлекеттен территория сецессиялайды; территорияны басқа мемлекеттен жаңа мемлекет құру үшін сецессиялайды; мемлекеттің ыдырауы немесе тарауы нәтижесінде екі немесе бірнеше мемлекет құрылады; отарсыздану нәтижесінде жаңа мемлекет пайда болады. Мемлекетті тану мен үнсіз келісім берудің де рөлі өте маңызды.

## Мирасқорлық пен континуитет

Жаңадан пайда болған мемлекет бұрынғыдан мүлде басқа жаңа мемлекет пе, әлде аз ғана өзгешелігі бар континуитет пе – алдымен осыны анықтау қажет. Мысалы, Үндістан – Британия Үндістанның континуитеті, ал Пәкістан – мүлде жаңа мемлекет. Сербия – Югославияның



мирасқоры, ал Израиль – Британияның мандатындағы Палестинадан мүлде өзгеше жаңа мемлекет. Бір мемлекеттің территориясын сецессиялаумен бөліп алу сол мемлекеттің территориясының ауқымы мен халық санының кемуіне душар етсе де, мемлекеттің континуитет сипатына әсер етпейді. Бангладеш тәуелсіздік алғаннан кейінгі Пәкістанның жағдайы осыған жақсы мысал бола алады. Мұндай кезде бұрынғы мемлекет өз орнында қала береді, бұрынғы құқықтары мен міндеттері өзгермейді, тек сецессияланған немесе бөлінген территориясына қатысты құқықтары мен міндеттері ғана тоқтатылады. Мемлекет ыдыраған кезде оның территориясы бірнеше мемлекетке бөлінеді де, бұрынғы құқықтары мен міндеттері сол бөлінген мемлекеттерге мирас болып қалады. Бұл жерде континуитет немесе мирасқорлық болғанын анықтау үшін мемлекеттің классикалық белгілерін іздеу керек. Сондай-ақ тараптардың құқықтық мәртебесі мен үшінші мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың осы тараптарға көзқарасын (подход) ескерген жөн. Бұл мәселе Кеңес Одағы мен Югославияның ыдырауы кезінде туындады. Кеңес Одағы ыдыраған кезде Ресей Федерациясы КСРО-ның континуитеті болды. КСРО-ның БҰҰ-дағы мүшелігі Ресей Федерациясына қалды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің мемлекет басшылары 1991 жылғы 21 желтоқсанда қабылдаған «Ресей БҰҰ-да КСРО-ның орнын басады, оның ішінде Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа да халықаралық ұйымдардағы мүшелік Ресейге өтеді» деген шешімнің маңызы зор. Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 1991 жылы қабылдаған құжаттары түгелімен Ресейдің континуитетіне сай болмағанымен, бәрі де Ресей КСРО-ның континуитеті екенін (шегарасы өзгерген түрдегі) қолдады және бұл халықаралық практика ретінде қалыптасты.

Мирасқорлық мәселесі мемлекеттер біріккен кезде де туындайды. Бірігу нәтижесінде жаңа мемлекет құрылуының бір мысалы – Йемен Араб Республикасы мен Йемен Демократиялық Республикасының бірігуі. Екі мемлекеттің арасында 1990 жылғы 22 сәуірде жасалған келісімде «Йемен Республикасын құру екі мемлекеттің жаңа атаудағы жаңа мемлекетке бірігуі арқылы жүзеге асырылады» делінген. Мемлекеттердің бірігуі бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне қосып алуы арқылы да жүргізіледі. Ондай кезде екінші мемлекет жойылып кетеді де, біріншісі территориясы мен халқының саны көбейген түрдегі континуитет болады. Германияда дәл осылай болды.

### **Шарттарға мирасқорлық**

Шарттардың халықаралық құқықтық жүйедегі маңызы туралы сан мәрте айтылды. Шарттар халықаралық құқықтық жүйеде қарапайым мәселелерден маңызды мәселелерге дейінгі құқықтар мен міндеттемелердің негізі болады. Шарт осы кезге дейінгі және тұрақты *раста sunt servanda* нормалар мен шарттың міндеттеуші күші туралы нормаларға сүйеніп жасалады. Шарттарды мынадай санаттарға бөліп қарауға болады: көп жақты шарттар, оның ішінде халықаралық адам құқығына қатысты арнайы санаттағы шарттар; территориялық режимдер мен белгілерге қатысты шарттар; екі жақты шарттар; «саяси» мәселелерге қатысты шарттар.

Шарттарға мирасқорлық туралы нормалар 1978 жылы қабылданып, 1996 жылы күшіне енді. Олар халықаралық әдет-ғұрып құқығының нормасы болып есептеледі. Ал, мирасқорлық туралы келісім жайында айтар болсақ, Конвенцияда «ондай келісімдер үшінші тараптың мүддесіне әсер етпейтіні халықаралық құқық қағидатында бекітілген» деп жазылған. Тіпті «мирасқорлықты қабылдаған мемлекеттің біржақты мәлімдемесі өз бетінше сол мемлекеттің құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ үшінші мемлекеттің құқықтары мен міндеттеріне әсер ете алмайды».

### **Шарттардың санаттары: территориялық, саяси және шарттың басқа түрлері**

Мирасқорлық мәселесінде шарттарды негізінен үш санатқа бөліп қарастырамыз. Бірінші санат – территория туралы шарттар. Бұл шарттарда белгілі бір территорияға қатысты құқық-



тар мен міндеттер белгіленген. Оның көрнекті мысалы ретінде территорияның шегарасын белгілейтін шарттарды айтуға болады.

1978 жылғы Вена конвенциясында «Мемлекеттің мирасқорлығы: 1. шартпен белгіленген шегараға; 2. шартта шегараға қатысты белгіленген міндеттер мен құқықтарға әсер етпейді» деп көрсетілген. Сондықтан мирасқорлық туралы мәселе қозғалған кезде шегара туралы шартқа емес, керісінше шартта белгіленген шегараға назар аударған жөн. Халықаралық трибунал Eritrea/Yemen ісінде екі мемлекеттің арасында жасалған шегара мен территория туралы шарттар «үшінші мемлекеттің мүддесіне тікелей қатысты, себебі бұл шарттар erga omnes сипаттағы айрықша санаттағы шарттар», – деді.

Саяси шарттар белгілі бір территориядағы режим мен сол режимнің саяси бағыты мәселесіне қатысты болады. Мысалы: одақ құру, достық қатынас, бейтараптық туралы шарттар. Ондай шарттардың мирасқор мемлекет үшін міндеттеуші күші болмайды, себебі, олар – өмір сүруін тоқтатқан мемлекетпен тығыз байланыста жасалған шарттар. Дегенмен саяси шарттардың шегі нақты қай жерге дейін қолданылатынын, оның шегін анықтаудың өзіндік қиындықтары бар.

Мирасқорлықтың жалпыға ортақ нормалары территориялық және саяси шарттардан басқа шарттарда нақты аталмайды, сондықтан басқа шарттарды нақты жағдай тұрғысынан мұқият зерттеп, үшінші мемлекеттердің оған реакциясын ескере отырып талдап-сараптау қажет. Соңғы кездегі практикалар, көбінесе, 1978 жылғы Вена Конвенциясына негізделетіні байқалады. Аталған конвенцияға сәйкес, «Мемлекет мирасқорлықты қабылдаған сәтте сол алдыңғы мемлекеттің территориясына түгелдей қолданылған шарттары сол мемлекеттің ыдырауы нәтижесінде пайда болған мемлекеттерге де толық жарамды» болып есептеледі. Алайда бұл норма қолданылмайтын жағдайлар да бар. Мысалы, мемлекеттер өзара басқаша келісімге келген кезде және шартта басқаша көрсетілсе қолданылмайды; шартты мирасқор мемлекетке қатысты қолдану сол шарттың объектісі мен мақсатына қайшы келетін болса немесе шарттың орындалу жағдайы түбегейлі өзгерген болса да тоқтатылады.

### **Қосып алу және біріктіру**

Бір мемлекет екінші мемлекетті өзіне қосып алған кезде (мысалы 1990 жылы Германия Федеративтік Республикасының Германия Демократиялық Республикасын қосып алғаны сияқты) жаңа мемлекет құрған болып саналмайды; қосып алған мемлекет үлкейе түседі, ал қосылған мемлекет жойылады. Бұл жерде қосылған мемлекеттің халықаралық шарттары саяси сипатта болса – мемлекет жойылған сәттен бастап күшінен айырылады, ал шегарасын белгілейтін территориялық шарттар күшінде қала береді. Басқа бағыттағы шарттардың да күші жойылады. Ал қосып алған мемлекеттің шарттары күшін сақтап қалады және ендігі жерде өзіне қосылған мемлекеттің территориясына да жарамды болады. Әрине, бұл қағидат тараптардың мүддесіне қайшы келетін кез де болады. Мысалы, Германия біріккен кезде 1990 жылғы Бірігу туралы шарттың I қосымшасының 11-бабында «Германия Федеративтік Республикасының кейбір шарттары, әсіресе НАТО-ға қатысты шарттары Германия Демократиялық Республикасының территориясына жарамайды», – деп жазылған.

Шарттардың мирасқорлығы туралы Вена конвенциясының 31(1)-бабы бойынша «екі немесе одан да көбірек мемлекет бірігіп мирасқор бір мемлекет құраған кезде мирасқор мемлекетпен бірігіп отырған мемлекеттердің бірінің арасында басқаша келісім болмаса немесе шарттың объектісі мен мақсатына қайшы келмесе, сондай-ақ шарттың орындалу жағдайын түбегейлі өзгертіп жібермесе, халықаралық шарттардың күші сақтала береді».

### **Бір мемлекеттің өз территориясын екінші мемлекетке өткізуі**

Бір мемлекет территориясының бір бөлігі екінші мемлекетке өткен кезде сол территорияға қатысты осыған дейін қолданылып келген шарттардың күші тоқтайды да, енді оған екінші



мемлекеттің шарттары қолданылатын болады. Мемлекеттердің шарттарға мирасқорлығы туралы Вена конвенциясының 15-бабында осындай шарттар туралы айтылған. Бұл бапта «егер шартты сол территорияға қатысты қайтадан қолдану шарттың объектісі мен мақсатына қайшы келетін болса немесе шарттың орындалу жағдайын түбегейлі өзгертіп жіберетін болса, онда бұл шарт сол сецессияланған территорияға қолданылмайды» делінген. Мемлекеттердің практикасы да осыған саяды. Мысалы, АҚШ 1898 жылы Гавай аралдарын аннексиялаған кезде, енді АҚШ шарттары осы аралға да қолданылатынын мәлімдеп, бұдан кейін АҚШ пен Бельгия арасындағы сауда келісімдері Гавай аралдарына да жарамды екенін Бельгияға хабарлаған. Сол сияқты, 1919 жылдан кейін Германияның шарттары да Эльзас-Лотарингияға қатысты жарамсыз болып, бұл территорияға Францияның шарттары қолданылатын болған. 15-бап осы әдет-ғұрып нормасын қайталап отыр. Дегенмен бұл салада да қарама-қайшылықтар кездесті.

### **Бір немесе бірнеше жаңа мемлекет құру үшін мемлекеттен бөліну**

Мемлекеттің бөлінуі мен ыдырауының жолдары әртүрлі. Біріккен мемлекет бұрынғы құрамдас бөліктеріне қайта ыдырауы мүмкін. Мысалы, 1961 жылы құрылған Біріккен Араб Республикасы 1958 жылы Сирия мен Мысыр мемлекеттері ретінде қайта ыдыраған. Сондай-ақ Мали Федерациясы да құрамындағы бірнеше мирасқор мемлекетке бөлініп кетті. 1919 жылы Австрия–Венгрия да дәл осылай ыдыраған еді. Сецессия (территориясы бөлінгеннен) кейін де егемендігін сақтап қалған тәуелсіз мемлекет халықаралық құқықтары мен міндеттерін толық сақтаған мемлекет болып қала береді. Ал сецессияланған территорияда пайда болған жаңа мемлекет бұрынғы мемлекеттің халықаралық шарттарынан, құқықтары мен міндеттерінен азат болады. Бұл жерде жаңа мемлекет халықаралық шартқа қол қоймағандықтан, бұрынғы шарттардың міндеттеуші күші болмайды деген қағидат қолданылып отыр.

Бельгия 1830 жылы Нидерландтан бөлініп шыққан кезде халықаралық аренадағы қарым-қатынасты «таза мемлекет» мәртебесінен немесе «таза парақтан» бастады. 1898 жылы Испаниядан бөлініп шыққан Куба да, 1903 жылы Колумбиядан бөлініп шыққан Панама да солай істеді. Финляндия Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресей империясынан бөлінген кезде Ұлыбритания мен АҚШ бұдан былай Финляндия Ресейдің халықаралық шарттарынан азат деген ұстанымда екенін мәлімдеді.

### **Жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттер**

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа империялары отарларынан айырылып, ыдырай бастады. Халықаралық құқықтағы өзін-өзі билеу қағидаты негізіндегі деколонизация (отарсыздану) процесі халықаралық құқықтық жүйеде бірқатар өзгерістерге алып келді. Осы кезде Шарттардың мирасқорлығы туралы Вена конвенциясында отарсызданған мемлекеттерді арнайы санатқа жатқызуға әрекет жасалды. Конвенцияда оларды «жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттер» деп атап, «мемлекеттер мирасқорлықты берген күні күшінде болған шартқа одан әрі де қатысушы болып қалуға немесе міндетті күшін мойындауға міндетті емес» деп көрсетілді. Мұндай көзқарас дәстүрлі «таза мемлекет» қағидатына негізделген. Бұл қағидатты АҚШ пен Испаниядан тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттер қолданған болатын.

Практикада жаңа құрылған мемлекет үшін шартқа «жедел қосылу» әдісін қолдана алатынын көрсетті. Мысалы, жаңа мемлекет шартқа қосылудың ресми тетіктерін толық сақтауға міндетті емес. Вена конвенциясының 17-бабында көрсетілгендей, «жаңадан тәуелсіздік алған мемлекет» мирасқорлықты қабылдай отырып, көпжақты шарттарға қатысушы бола алады. Бұл орайда шартта басқаша көрсетілмеуге тиіс немесе шартты жаңадан тәуелсіздік алған мемлекетке қатысты қолдану шарттың мақсаты мен объектісіне қайшы келмеуі керектігін ескерген жөн. Сонымен бірге қандай да бір мемлекеттің шартқа қосылуы үшін шарттың басқа қатысушыларының келісімі қажет болса, онда жаңадан тәуелсіздік алған мемлекетке қалған мемлекеттер келісім беруге тиіс. Кейбір отаршыл державалар, атап айтқанда Ұлыбритания,



жаңадан тәуелсіздік алған мемлекетке сол сәтке дейін жасалған шарттарды қолдануға құқық беретін арнайы келісімдер жасады. Ондай келісім үшінші мемлекетке қатысты *res inter alio* сипатында болса да, отаршыл держава мен жаңадан құрылған үкіметтің арасындағы қатынасты реттеу үшін жақсы құрал болды. Жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттер мирасқорлықты қабылдағаны туралы біржақты мәлімдеме жасады. Ондай біржақты мәлімдемелер, негізінен, шарттар қарастырылатын аралық кезең ішінде жарамды болады, бірақ үшінші елдермен арада жасалған шарттық қатынастарды өзгерте алмайды.

## Мемлекеттің ыдырауы

Мемлекет халықаралық қатынастың субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтатып, оның орнына екі немесе одан да көп мемлекет құрылған кезде сол мемлекет жасаған саяси шарттардың күші тоқтатылады.

Практикада мемлекеттің ыдырауы дегеніміз – «одақтас мемлекеттердің» ыдырауы, яғни біріккен мемлекеттердің бөлінуі. Оған мысал ретінде 1829–1831 жылдардағы Колумбияны, 1905 жылғы Норвегия мен Швецияны, 1960 жылғы Біріккен Араб Республикасын, 1960 жылғы Мали Федерациясын, 1963 жылғы Родезия мен Ньясаленд Федерациясын, 1992 жылғы Чехия мен Словакия Республикасын атауға болады. Ондай кезде мемлекеттің мирасқорлығын белгілейтін нақты норманы көрсету қиын, себебі көп нәрсе мемлекеттердің көзқарасына байланысты. Жаңадан құрылған әрбір мемлекет бұрынғы мемлекеттің халықаралық шарттарын жалғастыруға құқылы деген пікір айтылуы мүмкін. Бірақ ондай пікір қарама-қайшылыққа толы болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Вена конвенциясының 34-бабында «егер мемлекеттер өзара басқаша келіспесе немесе шартта басқаша көзделмесе, сондай-ақ шарттың объектісімен мақсатына қайшы келмесе, мирас қалдырушы мемлекеттен қалған шарт мирасқор мемлекет үшін жарамды болып танылады» делінген. «Бұл әдет-ғұрып құқығының нормасы ма?» деген сұрақтың жауабы әлі анықтала қойған жоқ. Бірақ көп жағдайда бұл мәселе арнайы келісімдер арқылы реттеледі. Мысалы, 1993 жылғы 1 қаңтарда Чехословакия Федеративтік Республикасы ыдырағаннан кейін, Ұлыбритания «Чехословакиямен жасалған шарттардың күші мирасқор мемлекеттермен арада сақтала береді» деп мәлімдеді. Ал Югославияға қатысты жағдайда бұл мәселе 2000 жылға дейін әлдеқайда күрделірек болып келді. Бұл істе Югославия Федеративтік Республикасы өзін Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының континуитеті деп жариялаған болатын. Ал ЮСФР-дің құрамында болған басқа мемлекеттер оны мойындамай қойды, яғни көріп отырғанымыздай, бұл жерде құқықтық мирасқорлықты реттеу мәселесінің бір ұшы басқа, үшінші тараптың сол жаңадан пайда болған мирасқор мемлекетке немесе бұрынғы мемлекетке қатысты саяси ұстанымына келіп тіреледі.

## Сұрақтар

1. Қандай жағдайларда мемлекеттің құқықтары мен міндеттерін басқа тарапқа өткізу мәселесі туындайды?
2. Континуитет деген не?
3. Шарттарда мирасқорлықты қандай санаттарға бөлуге болады? Әрқайсысының ерекшелігі неде?

## Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 6-тақырып.
2. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. 4-бөлім.





Кітап: Халықаралық құқық, II

Дәріс: 12. Мемлекеттердің құқықтық мирасқорлығы. 1-бөлім

---

3. M. Craven, *The Decolonisation of International Law: State Succession and the Law of Treaties*, Oxford, 2007.

4. D. P. O'Connell, *State Succession in Municipal Law and International Law*, Cambridge, 2 vols., 1967 M. N.